- созылмалы жүрек жеткіліксіздігін (организм қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жүрек жеткілікті қан мөлшерін айдауға қабілетсіз болатын жай-күйлер) емдеу үшін;
- инсульт немесе ишемиялық типті ми қан айналымының транзиторлы бұзылуы бар пациенттерде (миды қанмен қамтудың бұзылуымен байланысты, бірақ, инсультке қарағанда, жеңілірек өтетін жай-күйлер) қайталанатын инсульт қаупін (индапамид препаратымен бірге қолданғанда) төмендету үшін;
- жүректің тұрақты ишемиялық ауруы бар пациенттерде (жүректің қанмен қамтылуы төмендейтін немесе бөгеттелетін жай-күйлер) жүрек асқынуларының қаупін төмендету үшін.

Егер жақсару басталмаса немесе Сіз нашарлауды сезінсеңіз, дәрігерге қаралу қажет.

8. Престариум® препаратын қабылдау алдында не туралы білу керек

Қарсы көрсетілімдері:

Престариум® препаратын қабылдамаңыз:

- егер Сізде периндоприлге немесе АӨФ тежегіштеріне жататын басқа препараттарға немесе препараттың кез келген басқа компоненттеріне (қосымша парақтың 6 бөлімінде атап көрсетілген) аллергия болса;
- егер бұрын басқа АӨФ тежегіштерін қабылдау кезінде немесе басқа жағдаяттарда Сізде немесе Сіздің туыстарыңыздың біреуінде ысылдап дем алу, бет, тіл немесе көмейдің ісінуі, қатты қышыну немесе тері бөртпесінің қаптап кетуі (ангионевроздық ісіну) сияқты симптомдар көрініс берсе;
- егер Сіз жүкті болсаңыз немесе бала емізіп жүрсеңіз;
- егер Сізде қант диабеті және / немесе бүйрек функциясының бұзылуы болса, әрі Сіз артериялық қысымды төмендету үшін құрамында алискирен бар дәрілік препаратты қабылдап жүрсеңіз;
- егер Сізде қант диабетімен байланысты бүйрек ауруы болса, әрі Сіз ангиотензин II рецепторларының блокаторларын қабылдап жүрсеңіз;
- егер Сіз жүрек жеткіліксіздігін емдеуге арналған препараттар – құрамында валсартан + сакубитрил бар дәрілік препараттарды қабылдап жүрсеңіз («Айрықша нұсқаулар және сақтандыру шаралары» және «Басқа препараттар және Престариум® препараты» бөлімінде берілген ақпаратты қараңыз);
- егер Сіз диализден немесе қан сүзудің басқа типінен өтіп жүрсеңіз. Пайдаланылған құрылғыға қарай, Престариум® дәрілік препараты Сізді емдеуге сай келмеуі мүмкін;
- егер Сізде бүйрекке қанның ағып келуі төмендеп кететін бүйрек ауруы (бүйрек артерияларының стенозы) болса;

Егер Сіз атап көрсетілгендердің кез келгені Сізге қатысты деп санасаңыз, бұл жөнінде Өз емдеуші дәрігеріңізге мәлімдеңіз.

Айрықша нұсқаулар және сақтандыру шаралары

Престариум® препаратын қолдану алдында емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз. Егер төменде көрсетілген тармақтардың қандай да бірі Сізге қатысты болса, міндетті түрде Өз емдеуші дәрігеріңізге ескертіңіз:

- егер Сізде қолқа стенозы (жүректен шығатын басты қан тамырының тарылуы) немесе гипертрофиялық кардиомиопатия (жүрек бұлшықетінің ауруы) немесе бүйрек артериясының стенозы (бүйректі қанмен қамтитын артерияның тарылуы) болса
- егер Сізде басқа жүрек-қан тамыр аурулары болса;
- егер Сізде бауыр функциясының бұзылуы болса;
- егер Сізде бүйрек ауруы болса немесе Сіз диализден немесе қан сүзілуінің басқа типінен өтіп жүрсеңіз;
- егер Сіз аллопуринол, цитостатиктер (обырды емдеуге арналған дәрілік заттар) немесе иммунодепрессанттар қабылдап немесе прокаинамидпен (жүрек ырғағының бұзылуларын емдеу үшін пайдаланылатын дәрілік зат) ем алып жүрсеңіз;
- егер Сізде жұтыну немесе тыныс алудың қиындауымен қатар жүруі мүмкін бет, ерін, ауыз, тіл және тамақ ісінуімен болатын күрделі аллергиялық реакциялар (ангионевроздық ісіну) байқалса. Осы жайт емдеу кезінде кез келген уақытта туындауы мүмкін. Егер Сізде осындай симптомдар дамыса, **Сіз емдеуді тоқтатуға және дереу дәрігерге қаралуға тиіссіз**;
- егер Сізде қандағы альдостерон гормоны деңгейінің елеулі артуы (бастапқы гипертальдостеронизм) байқалса;

- егер Сізде жүйелі қызыл жегі немесе склеродермия сияқты дәнекер тіннің жүйелі ауруы (дәнекер тіннің зақымдануымен сипатталатын аурулар тобы) болса;
- егер Сізде қант диабеті болса;
- егер Сіз тұзсыз диета ұстанып немесе тағам қоспаларын қабылдап, құрамында калий бар тұз алмастырғыштарын пайдаланып жүрсеңіз;
- егер Сіз күрделі хирургиялық операция және / немесе анестезия жасау алдында тұрсаңыз;
- егер Сіз тығыздығы төмен липопротеиндер аферезі емшарасынан (қаннан холестеринді шығару шарасы) өтетін болсаңыз;
- егер Сіз аралар немесе асалар шағып алатын аллергиялық әсерге Сіздің сезімталдығыңызды қосымша төмендетуі тиіс емдеуден (десенсибилизациялау емінен) өтетін болсаңыз;
- егер Сізде таяуда іш өту (диарея), құсу немесе сусыздану байқалса;
- егер дәрігер Сізде қанттың кейбір түрлеріне жақпаушылық бар екенін айтса;
- егер Сіз төменде атап көрсетілген жоғары артериялық қысымды емдеуге арналған дәрілік препараттардың қандай да бірін қабылдап жүрсеңіз:
 - егер Сіз, әсіресе, қант диабеті тудырған бүйрек ауруынан зардап шегіп жүрсеңіз, ангиотензин II рецепторларының блокаторлары (сартандар, мысалы, валсартан, телмисартан, ирберсартан ретінде белгілі аталған топтың басқа да препараттары);
 - құрамында алискирен бар дәрілік препараттар;
Сіздің емдеуші дәрігеріңіз Сіздің бүйрегіңіздің функциясын, артериялық қысымды және қандағы электролиттер (мысалы, калий) мөлшерін жүйелі тексере алады. «Престариум® препаратын қабылдамаңыз» қосалқы бөлімінде берілген ақпаратты да қараңыз.
- егер Сіз қара нәсілге жатсаңыз, Сіз ангионевроздық ісінудің жоғарырақ қаупіне ұшырауыңыз мүмкін екендіктен, аталған дәрілік препараттың, басқа нәсіл тегіне жататын пациенттермен салыстырғанда, артериялық қысымды төмендету тиімділігі аз болуы мүмкін;
- егер Сіз төменде атап көрсетілген дәрілік препараттардың қандай да бірін қабылдап жүрсеңіз, ангионевроздық ісінудің даму қаупі жоғары болуы мүмкін:
 - рацекадотрил (диареяны емдеуге пайдаланылады);
 - сиролimus, эверолимус, темсиролimus және mTOR тежегіштері деп аталатын топқа жататын басқа дәрілік препараттар (ауыстырып салынған ағзалардың қабылданбай ажырауын болдырмауға пайдаланылады);
 - созылмалы жүрек жеткіліксіздігін емдеу үшін қолданылатын сакубитрил (валсартанмен бекітілген біріктірілімінде).
- егер Сізде стенокардия (төс артындағы ауыру ұстамаларымен көрініс беретін жүректің қанмен қамтылуы төмендейтін немесе бөгеттелетін жай-күй) болса;
- егер Сізде басқа АӨФ тежегіштерін қабылдау аясында туындауы мүмкін тұрақты екпінді құрғақ жөтел байқалса;
- егер Сізге бүйректі ауыстырып салу (трансплантациялау) жасалса;

Ангионевроздық ісіну(аллергиялық реакция)

АӨФ тежегіштерін, оның ішінде Престариум® препаратын қабылдау кезінде жұтыну немесе тыныс алудың қиындауымен бет, ерін, ауыз, тіл және тамақ ісінуімен болатын ауыр аллергиялық реакцияны (ангионевроздық ісіну) байқауға болады. Аталған реакция емдеудің кез келген сәтінде туындауы мүмкін.

Егер Сізде аталған симптомдар пайда болса, **Престариум® препаратын қабылдауды тоқтатыңыз және дәрігерге қаралыңыз.** 4 бөлімді де қараңыз.

Егер Сіз жүктімін деп ойласаңыз (немесе бала көтеруді жоспарласаңыз), Сіз Өз дәрігеріңізге айтуға тиіссіз. Престариум®, бұл сәбиге күрделі зиян келтіруі мүмкін екендіктен, жүктілік кезінде қабылданбауы тиіс («Жүктілік және бала емізу» қосалқы бөлімін қараңыз).

Балалар және жасөспірімдер

Престариум® дәрілік препаратын балаларда және жасөспірімдерде қолдану қауіпсіздігі мен тиімділігі анықталмағандықтан, препаратты 0-ден 18 жасқа дейінгі балаларға бермеңіз. Престариум® балалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерде қолдануға арналмаған.

Басқа препараттар және Престариум® препараты

Емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне Сіздің қандай да бір басқа дәрілік препараттар қабылдап жүргеніңізді, таяуда қабылдағаныңызды немесе қабылдай бастауыңыз мүмкін екенін мәлімдеңіз. Престариум® препаратымен емдеуге басқа препараттарды қабылдау ықпал етуі мүмкін. Сіздің емдеуші дәрігеріңіз препарат дозасын өзгерту және / немесе басқа алдын ала сақтану шараларын қолдану шешімін қабылдай алады.

Егер Сіз төменде атап көрсетілген препараттардың кез келгенін қабылдап жүрсеңіз, міндетті түрде дәрігерге мәлімдеңіз:

- АӨФ тежегіштерін, ангиотензин II рецепторларының блокаторларын, алискиренді (2 бөлімін де қараңыз), диуретиктерді (бүйрекпен бөлінетін несеп көлемін арттыратын препараттар) қоса, жоғары артериялық қысымды емдеуге арналған басқа дәрілік препараттар;
- калий жинақтаушы препараттар (триамтерен, амилорид сияқты), калий қосылған тағам қоспалары немесе құрамында калий бар тұз алмастырғыштар, әрі организмде калий мөлшерін арттыруы мүмкін басқа дәрілік препараттар (құрамында сульфаметоксазол + триметоприм бар біріктірілген дәрілік препарат ретінде де белгілі гепарин мен котримоксазол сияқты);
- литий препараттары (мания немесе депрессия кезінде қолданылады);
- қабынуға қарсы стероидты емес дәрілік препараттар (мысалы, ибупрофен), ауыруды басуға арналған циклооксигеназа-2 тежегіштері (мысалы, вальдекоксиб, эторикоксиб) немесе жоғары дозалардағы (тәулігіне 3000 мг және одан көп) ацетилсалицил қышқылы (аспирин);
- қант диабетін емдеуге арналған препараттар (инсулин, метформин немесе глиптиндер (линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптин) сияқты);
- баклофен (жайылған склероз сияқты ауруларда бұлшықеттер сіресуін емдеуге қолданылады);
- депрессия, үрей, шизофрения және басқа препараттар сияқты психикалық ауруларды емдеуге арналған препараттар (мысалы, трициклды антидепрессанттар, психозға қарсы дәрілер);
- аутоиммундық бұзылуларды емдеу үшін немесе қабылданбай ажырауды болдырмауға арналған трансплантациялық операциялардан кейін пайдаланылатын иммунодепрессанттар (мысалы, циклоспорин, такролимус);
- триметоприм (инфекцияларды емдеу үшін);
- эстрамустин (обырды емдеуге қолданылады);
- диареяны емдеу үшін (рацекадотрил) немесе трансплантацияланған ағзалардың қабылданбай ажырау профилактикасында ең көп жиі пайдаланылатын препараттар (сиролимус, эверолимус, темсиролимус және mTOR тежегіштері деп аталатын класқа жататын басқа препараттар). «Айрықша нұсқаулар және сақтандыру шаралары» қосалқы бөлімін қараңыз;

- валсартан + сакубитрил біріктірілімі (созылмалы жүрек жеткіліксіздігін емдеуге қолданылады). «Престариум® препаратын қабылдамаңыз» және «Айрықша нұсқаулар және сақтандыру шаралары» қосалқы бөлімдерін қараңыз;
- аллопуринол (подаграны емдеу үшін);
- прокаинамид (жүйесіз жүрек ырғағын емдеу үшін);
- тамыр кеңейтетін препараттар, нитраттарды қоса (қан тамырларының кеңеюін тудыратын препараттар);
- артериялық қысым төмендеуін, шок немесе демікпені емдеуге пайдаланылатын препараттар (мысалы, эфедрин, норадреналин немесе адреналин)
- вена ішіне енгізуге арналған алтын препараттары (ревматоидты артрит симптомдарын емдеуге қолданылады).

Жүктілік, бала емізу және фертильділік

Егер Сіз жүкті болсаңыз немесе бала емізіп жүрсеңіз, жүкті болуыңыз мүмкін деп ойласаңыз немесе бала көтеруді жоспарласаңыз, препаратты қолдануды бастау алдында Өз емдеуші дәрігеріңізбен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

Жүктіліктің екінші және үшінші триместрлерінде АӨФ тежегіштерін (периндоприл аргинині сияқты) қолдану шарана дамуының бұзылуларына (бүйрек функциясының төмендеуі, қағанақ суының аздығы, бассүйектің сүйектену кідірісі, артериялық гипертензия, гиперкалиемия) әкелуі мүмкін.

Жүктілік

Сіз егер жүктімін деп ойласаңыз (немесе жүкті болып қалуыңыз мүмкін болса), өз емдеуші дәрігеріңізді хабардар етуге тиіссіз. Әдетте, дәрігер Сізге Престариум® препаратын қабылдауды жүктілік басталуына дейін немесе Сіз бала көтергеніңізді білген бойда бірден тоқтатуға кеңес береді. Дәрігер Сізге Престариум® препаратының орнына қандай препаратты қабылдайтыныңыз жөнінде кеңес береді. Престариум® препараты, оны қабылдау сәби денсаулығына күрделі зиян тигізуі мүмкін екендіктен, жүктілік кезінде қарсы көрсетілімді.

Бала емізу

Сіз егер бала емізіп жүрсеңіз, Престариум® қабылдамауға тиіссіз.

Сіз өз емдеуші дәрігеріңізге бала емізіп жүргеніңіз немесе емізуді жоспарлағаныңыз жөнінде дереу мәлімдеңіз.

Өз емдеуші дәрігеріңізге кідіріссіз қаралыңыз.

Фертильділік

Тұқым өрбіту функциясына немесе фертильділікке ықпалы анықталмады.

Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу

Әдетте, Престариум® препараты қырағылыққа ықпал етпейді, бірақ кейбір пациенттерде төмен артериялық қысым салдарынан бас айналу немесе әлсіздік болуы мүмкін. Бұл жағдайда автокөлік жүргізу және механизмдерді басқару қабілеті төмендеуі мүмкін.

Престариум® препаратының құрамында лактоза моногидраты бар

Престариум® препаратының құрамында лактоза моногидраты бар. Егер Сіздің дәрігеріңіз Сізде кейбір қанттарға жақпаушылық барын айтса, Өз дәрігеріңізбен препаратты қабылдау басталғанша кеңесіңіз.

9. Престариум® препаратын қабылдау

Престариум® препаратын үнемі емдеуші дәрігер немесе дәріхана қызметкерінің ұсынымдарымен толық сәйкестікте қабылдаңыз. Күмән туындаса, емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз. Емдеуші дәрігер Сізге сай келетін дозаны белгілейді.

Артериялық қысымның жоғарылауы

Ұсынылатын доза

Әдеттегі бастапқы доза күніне 1 рет 5 мг құрайды.

Қажет болған жағдайда, емдеу бастауынан кейін бір ай өткен соң препарат дозасын күніне 1 рет 10 мг арттыруға болады. Ұсынылатын ең жоғары дозасы күніне 1 рет 10 мг доза болып табылады.

Егер Сіз 65 жаста немесе одан асқан болсаңыз, әдеттегі бастапқы доза күніне 2,5 мг (5 мг таблетканың жартысы) құрайды. Бір ай емделуден кейін дозаны күніне бір рет 5 мг дейін, ал артынан, қажет болса, күніне бір рет 10 мг дейін арттыруға болмайды.

Қолдану тәсілі

Таблетканы, дұрысы, күн сайын белгілі бір уақытта таңертең тамақтану алдында бір стакан су іше отырып, қабылдаңыз.

Қолдану ұзақтығы

Престариум® ұзақ уақыт қабылданады. Қолдану ұзақтығын сіздің емдеуші дәрігеріңіз белгілейді.

Жүрек жеткіліксіздігі

Ұсынылатын доза

Әдеттегі бастапқы доза күніне 1 рет 2,5 мг (5 мг таблетканың жартысы) құрайды. Екі апта емделуден кейін препарат дозасын күніне бір рет жүрек жеткіліксіздігінде ұсынылатын ең жоғары доза болып табылатын 5 мг дейін арттыруға болады.

Қолдану тәсілі

Таблетканы, дұрысы, күн сайын белгілі бір уақытта таңертең тамақтану алдында бір стакан су іше отырып, қабылдаңыз.

Қолдану ұзақтығы

Престариум® ұзақ уақыт қабылданады. Қолдану ұзақтығын сіздің емдеуші дәрігеріңіз белгілейді.

Қайталанатын инсульт профилактикасы (индапамидпен бірлескен ем)

Ұсынылатын доза

Әдеттегі бастапқы доза күніне 1 рет 2,5 мг (5 мг таблетканың жартысы) құрайды. Екі апта емделуден кейін препарат дозасын индапамид қабылдау басталғанша күніне бір рет 5 мг дейін арттыруға болады.

Қолдану тәсілі

Таблетканы, дұрысы, күн сайын белгілі бір уақытта таңертең тамақтану алдында бір стакан су іше отырып, қабылдаңыз.

Қолдану ұзақтығы

Престариум® ұзақ уақыт қабылданады. Қолдану ұзақтығын сіздің емдеуші дәрігеріңіз белгілейді.

Жүректің ишемиялық ауруы

Ұсынылатын доза

Әдеттегі бастапқы доза күніне 1 рет 5 мг құрайды. 2 апта емделуден кейін дозаны күніне 1 рет 10 мг дейін арттыруға болады.

Егер Сіз 65 жаста немесе одан асқан болсаңыз, әдеттегі бастапқы дозаны бір апта бойы күніне 2,5 мг (5 мг таблетканың жартысы), ал артынан келесі аптаның ішінде тәулігіне 1 рет 5 мг дозадан бастау керек. Одан кейін дозаны тәулігіне 1 рет 10 мг дейін арттыруға болады.

Қолдану тәсілі

Таблетканы, дұрысы, күн сайын белгілі бір уақытта таңертең тамақтану алдында бір стақан су іше отырып, қабылдаңыз.

Қолдану ұзақтығы

Престариум® ұзақ уақыт қабылданады. Қолдану ұзақтығын сіздің емдеуші дәрігеріңіз белгілейді.

Егер Сіз Престариум® препаратын керектісінен көбірек қабылдап қойсаңыз

Егер Сіз Престариум® препаратын керектісінен көбірек мөлшерде қабылдап қойсаңыз, дереу Өз емдеуші дәрігеріңізге немесе медициналық мекемеге немесе жедел жәрдем қызметіне хабарласыңыз. Артық дозалану жағдайында ең зор ықтималды әсері артериялық қысымның төмендеуі болып табылады, соның салдарынан Сіз бас айналуын немесе естен тануды сезінуіңіз мүмкін. Егер осылай болса, шалқыңыздан жатыңыз және аяғыңызды көтеріңіз, бұл Сіздің жай-күйіңізді жеңілдетуі мүмкін. Сонымен қатар, АӨФ тежегіштерімен артық дозалануға байланысты симптомдар: айналымдық шок (өте төмен артериялық қысым салдарынан болатын коллапс), су-электролит теңгерімінің бұзылулары (организмдегі тұз мөлшерінің өзгеруі), бүйрек жеткіліксіздігі (бүйрек функциясының бұзылуы), асқын желдетілу (үстірт дем алудың жиілеуі), тахикардия (жүректің жиі соғуы), жүрек дүрсілдеуін сезіну, брадикардия (жүректің баяу соғуы), бас айналу, мазасыздық және жөтелді қамтуы мүмкін.

Егер Сіз Престариум® препаратын қабылдауды ұмытсаңыз

Қабылдау жүйелілігі емдеуді тиімдірек ете түсетіндіктен, препаратты күн сайын қабылдау маңызды. Алайда, егер Сіз Престариум® дәрілік препаратының дозасын қабылдауды ұмытып кетсеңіз, келесі дозасын әдеттегі уақытта қабылдаңыз. Өткізіп алған дозаның орнын толтыру үшін препараттың екі есе дозасын қабылдамаңыз.

Егер Сіз Престариум® препаратын қабылдауды тоқтатсаңыз

Жоғары артериялық қысымды емдеу, әдетте, бүкіл өмір бойы жүргізілетіндіктен, емдеуші дәрігермен алдын ала талқылаусыз Престариум® препаратын қабылдауды тоқтатпаңыз.

Препаратты қолдану жөнінде сауалдар болса, емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне хабарласыңыз.

10. Болжамды жағымсыз реакциялар

Барлық дәрілік препараттар сияқты, препарат жағымсыз реакциялар туғызуы мүмкін, алайда, олардың туындауы бәрінде бірдей емес.

Күрделі болуы мүмкін келесі жағымсыз реакциялардың біреуі туындаған жағдайда дәрілік препаратты қабылдауды тоқтатыңыз және дереу емдеуші дәрігерге қаралыңыз:

Жиі (10-нан 1 адамнан көп туындауы мүмкін):

- төмен артериялық қысымнан болатын қатты бас айналу немесе естен тану,

Жиі емес (100-ден 1 адамнан көп туындауы мүмкін):

- бет, ерін, тіл және тамақ ісінуі, тыныс тарылуы (ангионевроздық ісіну) («Айрықша нұсқаулар және сақтандыру шаралары» 2 бөлімін қараңыз),
- кенеттен ысылдап дем алу, кеуденің ауыруы, ентігу немесе тыныс тарылуы (бронх түйілуі),

Өте сирек (10000-нан 1 адамнан көп туындауы мүмкін):

- жүректің әдеттен тыс жылдам немесе жүйесіз соғуы, кеуденің ауыруы (стенокардия) немесе жүрек ұстамасы,
- қол, аяқтың әлсіреуі немесе инсульт симптомдары болуы мүмкін сөйлеу кінәраттары,
- хал-ахуалдың өте нашар болуымен қатар жүретін арқаның ауыруын тудыруы мүмкін ұйқы безінің қабынуы (панкреатит),
- гепатит симптомдары болуы мүмкін терінің немесе көз ақуыздарының сарғаюы (сарғаю),
- бетте, қолда немесе аяқта қышытатын қызыл дақтардың пайда болуынан басталатын тері бөртпесі (көп пішінді эритема),
- жедел бүйрек жеткілісіздігі (бүйрек функциясының жедел бұзылуы),
- агранулоцитоз (қандағы лейкоциттердің төмен деңгейі) немесе панцитопения (қандағы эритроциттер, лейкоциттер және тромбоциттердің төмен деңгейі).

Егер Сізде төменде көрсетілген жағымсыз реакциялардың кез келгені пайда болса, емдеуші дәрігерге қаралыңыз:

Жиі (10-нан 1 адамнан көп туындауы мүмкін)

- бас ауыру,
- бас айналу,
- вертиго,
- өздігінен туындайтын ашытуды, шаншуды, тұла бойдың шымырлауын сезіну,
- көру бұзылуы,
- құлақтағы шыңыл,
- жөтел,
- ентігу,
- асқазан-ішек жолы жұмысының бұзылулары (іштің ауыруы, іш қату, диарея, дәм сезу бұзылысы (дисгевзия), диспепсия, жүрек айну, құсу),
- аллергиялық реакциялар (тері қышынуы, тері бөртпесі),
- бұлшықеттердің түйілуі,
- шаршау.

Жиі емес (100-ден 1 адамнан көп туындауы мүмкін):

- көңіл-күй құбылулары,
- ұйқы бұзылуы,
- ауыз кеберсуі,
- қатты қышыну немесе тері бөртпесінің қаптап кетуі (есекжем),
- теріде күлбіреуіктер ошағының түзілуі (пемфигоид),
- бүйрек жеткіліксіздігі,
- импотенция (эректильді дисфункция),
- қатты терлеп кету,
- эозинфилдердің (ақ қан денешіктерінің түрі) жоғары мөлшері (эозинфилия),
- ұйқышылдық,
- естен тану,
- жүрек дүрсілдеуін сезіну,

- тахикардия,
- васкулит (қан тамырларының қабынуы),
- фотосезімталдық реакциялары (күн әсеріне терінің жоғары сезімталдығы),
- артралгия (буындар ауыруы),
- миалгия (бұлшықеттер ауыруы),
- кеуденің ауыруы,
- жалпы дімкәстану,
- шеткері ісінулер,
- қызба,
- құлап қалу,
- зертханалық көрсеткіштердің өзгеруі (қан талдауы нәтижелері бойынша):
 - емдеуді тоқтатудан кейін қайтымды болатын қандағы калий концентрациясының жоғарылауы,
 - қандағы натрийдің төмен концентрациясы,
 - қант диабетімен ауыратын пациенттердегі гипогликемия (қандағы қанттың өте төмен концентрациясы),
 - қандағы мочевина концентрациясының жоғарылауы,
 - қандағы креатинин концентрациясының жоғарылауы.

Сирек (1000-нан 1 адамнан көп туындауы мүмкін):

- псориаз өршуі,
- зертханалық көрсеткіштердің өзгеруі (қан талдауы нәтижелері бойынша):
 - қандағы «бауыр» ферменттері белсенділігінің жоғарылауы,
 - қандағы билирубин концентрациясының жоғарылауы.

Өте сирек (10000-нан 1 адамнан көп туындауы мүмкін):

- сананың шатасуы,
- эозинофилиялық пневмония (пневмонияның сирек типі),
- ринит (мұрын бітелуі),
- жедел бүйрек жеткіліксіздігі,
- қан талдауы нәтижелерінің өзгеруі: лейкоциттер мен эритроциттер концентрациясының азаюы, гемоглобин төмендеуі, қандағы тромбоциттер санының азаюы.
- несеп концентрациясының жоғарылауы (қараюы), жүрек айну немесе құсу, бұлшықеттер түйілуі, сананың шатасуы және құрысулар АӨФ тежегіштерін қабылдау кезінде ДҚГ (диурезге қарсы гормон) секрециясының талапқа сай болмауынан туындауы мүмкін. Осындай симптомдар пайда болғанда дереу дәрігерге қаралыңыз.

Жиілігі белгісіз (қолда бар деректер негізінде бағалау мүмкін емес):

- тері түсінің өзгеруімен (бозару), ұйып қалумен сипатталатын Рейно синдромы және қол саусақтары мен аяқ башпайларының ауырсынуы.

Жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

Егер Сізде қандай да бір жағымсыз реакциялар пайда болса, емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз. Оларға қосымша парақта көрсетілмеген кез келген жағымсыз реакциялар да жатады.

Сіз, сонымен қатар, жағымсыз реакциялар жөнінде тікелей хабарлай аласыз (төменнен қараңыз). Жағымсыз реакциялар жөнінде мәлімдей отырып, Сіз препарат қауіпсіздігі туралы көбірек мәлімет алуға көмектесесіз.

Денсаулық сақтау саласын қадағалау жөніндегі федералдық қызмет

Армения Республикасы

<http://pharm.am>

«Академик Э. Габриелян атындағы дәрілер мен медициналық технологияларды ұлттық сараптау орталығы» ЖТАҚ

Беларусь Республикасы

<http://www.rceth.by>

«Денсаулық сақтау саласында сараптамалар мен сынақтар өткізу орталығы» УК

Қазақстан Республикасы

<http://www.ndda.kz>

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

Қырғыз Республикасы

<http://pharm.kg>

Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Дәрілік қамтамасыз ету және медициналық техника департаменті

11. Престариум® препаратын сақтау

Препаратты бала оны көре алмайтындай етіп, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Препаратты картон қорапшада және құтыда «... дейін жарамды» сөзінен кейін көрсетілген жарамдылық мерзімі (сақтау мерзімі) өткеннен кейін қолданбаңыз. Жарамдылық мерзімінің өткен күні көрсетілген айдың соңғы күні болып табылады. 30 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Препаратты су құбырына немесе тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Енді қажет болмайтын препаратты қалай кәдеге жарату (жою) керегін дәріхана қызметкерінен нақты анықтаңыз. Бұл шаралар қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік береді.

12. Қаптаманың ішіндегісі және басқа да мәліметтер

Престариум® препаратының құрамында

Престариум®, 5 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар:

Әсер етуші заты периндоприл аргинині болып табылады. Үлбірлі қабықпен қапталған әр таблетканың құрамында 5 мг периндоприл аргинині бар (3,395 мг периндоприлге сәйкес келеді).

Басқа да ингредиенттер (қосымша заттар):

Ядро:

Лактоза моногидраты

Магний стеараты

Мальтодекстрин

Коллоидты гидрофобты кремнийдің қостотығы

Натрий карбоксиметилкрахмалы

Үлбірлі қабық құрамы:

- Serifilm 4193 ашық жасыл түсті үлбірлі қабыққа арналған премикс:

глицерол (Е 422а),

гипромеллоза (Е 464),

макрогол 6000,

магний стеараты,
титанның қостотығы (E 171),
мыс хлорофиллинi (E 141(ii)),
- макрогол 6000

Престариум® , 10 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар:
Әсер етуші заты периндоприл аргинині болып табылады. Үлбірлі қабықпен қапталған әр таблетның құрамында 10 мг периндоприл аргинині бар (6,790 мг периндоприлге сәйкес келеді).

Басқа да ингредиенттер (қосымша заттар):

Ядро:

Лактоза моногидраты
Магний стеараты
Мальтодекстрин
Коллоидты гидрофобты кремнийдің қостотығы
Натрий карбоксиметилкрахмалы

Үлбірлі қабық құрамы:

- Serifilm NT 3407 жасыл түсті үлбірлі қабыққа арналған премикс:
глицерол (E 422a),
гипромеллоза (E 464),
макрогол 6000,
магний стеараты,
титанның қостотығы (E 171),
мыс хлорофиллинi (E 141(ii)),
- макрогол 6000.

Престариум® препаратының сыртқы түрі және қаптамасының ішіндегісі

Үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар.

Престариум® препараты, 5 мг екі беті дөңгелектенген, екі жақ бүйірінің кертiктерi және беткi жағының бiрiнде компания логотипi түрiндегi өрнегi бар ашық жасыл түстi үлбірлi қабықпен қапталған ұзынша таблеткалар түрiнде болады.

Престариум® препараты, 10 мг екі беті дөңес, бір жағында «♥» және екінші жағында компания логотипі түріндегі өрнегі бар жасыл түсті үлбірлі қабықпен қапталған дөңгелек таблеткалар түрінде болады.

5 мг таблеткалар

14 немесе 30 таблеткадан құрамында ылғал сіңіргіш гель бар тығыздығы төмен полиэтиленнен жасалған тығынмен және тығыздығы төмен полиэтиленнен жасалған дозатормен жабдықталған полипропилен құтыда. 1 құтыдан қосымша парағымен алғашқы ашылуы бақыланатын картон қорапшада.

10 мг таблеткалар

30 таблеткадан құрамында ылғал сіңіргіш гель бар тығыздығы төмен полиэтиленнен жасалған тығынмен және тығыздығы төмен полиэтиленнен жасалған дозатормен жабдықталған полипропилен құтыда. 1 құтыдан қосымша парағымен алғашқы ашылуы бақыланатын картон қорапшада.

Стационарларға арналған қаптама («СЕРВБЕ РУС» ЖШҚ, Ресей өндірісі)

30 таблеткадан құрамында ылғал сіңіргіш гель бар тығыздығы төмен полиэтиленнен жасалған тығынмен және тығыздығы төмен полиэтиленнен жасалған дозатормен жабдықталған полипропилен құтыда.

30 таблеткалық 3 құтыдан қосымша парақтарымен алғашқы ашылуы бақыланатын картон қорапшада.

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

«Лаборатории Сервье»
50, Карно к-сі, 92284 Сюрен Седекс
Франция

Өнімдері:

«Лаборатории Сервье Индастри», Франция
905, Саран тас жолы, 45520 Жиди
немесе
«СЕРВЬЕ РУС» ЖШҚ, Ресей
108828, Мәскеу қ., Краснопахорское қонысы, 158 квартал, 2 қожалық, 1 құр.

Препарат туралы кез келген ақпарат алу үшін, сондай-ақ шағымдар туындаған жағдайларда тіркеу куәлігі ұстаушысының өкіліне немесе тіркеу куәлігінің ұстаушысына хабарласу керек:

Ресей Федерациясы

«Сервье» АҚ
Мекенжай: 125196, Мәскеу қ., Лесная
к-сі, 7 үй, 7/8/9 қабат
Тел.: +7 (495) 937 07 00
Факс: +7 (495) 937 07 01
Эл. пошта: servier.russia@servier.com

Қазақстан Республикасы

және Қырғыз Республикасы
«Сервье Казахстан» ЖШС
Мекенжай: 050020, г. Алматы, пр. Достык
310Г
Тел.: +7 (727) 386 76 62
Эл. почта: kazadinfo@servier.com

Беларусь Республикасы

Беларусь Республикасындағы
«Les Laboratoires Servier» УАҚ (Француз
Республикасы)
Мекенжай: 220030, Минск қ.,
Мясников к-сі, 70 үй, 303 кеңсе
Тел.: +375 (17) 306 54 55/56
Эл. пошта: officeBY@servier.com

Армения Республикасы

«Лаборатории Сервье» өкілдігі
Мекенжай: 0001, Ереван қ., Солтүстік
даңғылы 1, «Норд» бизнес орталығы
Тел.: +374 (10) 50504774
Эл. пошта: mariam.antonyan@servier.com

ЕАЭС мүше-мемлекеттеріндегі дәрілік препараттың саудалық атауы

Қазақстан Республикасы – Престариум®

Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Армения
Республикасы – Престариум® А

Қосымша парақ қайта қаралды

Басқа да ақпарат көздері

Осы препарат туралы толық мәліметтер Одақ веб-сайтында мазмұндалады
<http://www.eurasiancommission.org>.
Қосымша парақ Одақ веб-сайтында Одақтың барлық тілдерінде қолжетімді.